

С.И. Царевке ескерткіш

«Екібастұз» энциклопедиясынан:

Царев Степан Ионович – (16.12.1882, Тула губерниясы, Крапивен уезді – 09.05.1918, Павлодар обл., Ақсу ауылы) революционер, Екібастұз қаласының құрметті азаматы, Екібастұз көмір кенінің және зауытының комиссары, Павлодар уезінің Депутаттар Кеңесінің мүшесі. Ермактағы (қазіргі Ақсу қ.) көмір кендері мен темір жолын ұлттандыруда белсенді жұмыс жасады.

Екібастұз қаласында 1978 жылдың 1 – қыркүйегінде комиссар С.И. Царевке арналған ескерткіш Царев атындағы көшеде ашылды. С.И. Царевтің горельефі 90х60 см көлеммен жезден жасалған.

Ескерткіш авторы – суретші С.П. Пантелеев. Құюшы – М. Гольше.